

ӘОЖ 93/94

ҒТАМР 03.01.07

<https://doi.org/10.48371/ISMO.2025.62.4.006>

## ҚАЗАҚ-ОРЫС ШЕКАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ МҰРАҒАТТЫҚ МҰРА

Кистаубаева А.К.<sup>1</sup>, \* Шұқыжанова А.Н.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> ҚР Ұлттық орталық музейі, Қазақстан тарихын зерттеу орталығы,  
Алматы, Қазақстан

\*<sup>2</sup> Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері  
университеті, Алматы, Қазақстан

**Аңдатпа.** Мақала Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасындағы мемлекеттік шекараның қалыптасу тарихын көрсететін мұрағаттық мұраны кешенді талдауға арналған. Зерттеудің мақсаты – Ресейдің жетекші федералдық және ведомстволық архивтерінде сақталған құжаттар кешенін анықтау, жүйелеу және ғылыми тұрғыдан түсіндіру. Қазақ-орыс шекарасының қалыптасу үдерісі көпдеңгейлі әрі ұзаққа созылған құбылыс болып табылады және ол саяси, әкімшілік-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және стратегиялық факторлардың ықпалымен әр тарихи кезеңде бірнеше рет өзгеріске түсті. Тақырыптың жекелеген аспектілерін қарастырған зерттеулер болғанымен, XVI-XX ғасырлар аралығындағы шекара қалыптасуын толық реконструкциялауға мүмкіндік беретін құжаттық материалдардың тұтас ғылыми сипаттамасы әлі қалыптаспаған.

Зерттеудің өзектілігі мен ғылыми мәселесі мұрағаттық материалдар жөніндегі мәліметтердің үзік-үзік және шашыраңқы болуымен байланысты, бұл зерттеушілердің жұмысын қиындатып, аумақтық межелеу тарихының толық көрінісін жасауға кедергі келтіреді. Мақаланың ғылыми жаңалығы – алғашқы рет мемлекетаралық делимитация, шекаралық аумақтардың әкімшілік құрылымы мәселелеріне қатысты мұрағаттық қорлардың кеңейтілген шолуы мен көпәспектiлi жүйелендіру ұсынылуында. Бұрын ғылыми айналымға енген істер мен тізімдердің енгізілуі тақырыпты деректанулық тұрғыдан зерделеудегі елеулі олқылықтың орнын толтырады.

Зерттеудің эмпирикалық негізін Ресей мемлекеттік тарихи мұрағатында (РГИА), Ресей мемлекеттік ежелгі актілер мұрағатында (РГАДА), Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағатында (ГА РФ), сондай-ақ ведомстволық мұрағатында - Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Ресей Империясының сыртқы саясаты мұрағатында (АВПРИ МИД РФ), жекелеген мекемелердің мұрағатында - Ресей Ғылым академиясы Санкт-Петербург тарих институтының мұрағаты (Архив СПб ИИ РАН) материалдары құрайды. Деректанулық, мұрағаттанулық, тарихнамалық және салыстырмалы-тарихи әдістерді қолдану хронологиялық және жеке тұлғалық топтарға бөлінген деректер кешенін айқындауға мүмкіндік

берді. Зерттеу нәтижелері шекараның қалыптасу кезеңдерін сипаттайтын құжаттық мұраның құрылымданған «қартасын» жасап, мемлекетаралық қатынастар мен шекара маңы ынтымақтастығы тарихы бойынша алдағы ғылыми ізденістерге негіз қалайды.

**Тірек сөздер:** мемлекеттік шекара, мұрағаттық деректер, демаркация, делимитация, Қазақстан, Ресей, тарихи-мұрағаттық зерттеу

### **Кіріспе**

Қазіргі Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы мемлекеттік шекара - оның қалыптасуы мен институционалдық бекітілуінің ұзақ тарихи үдерісінің нәтижесі. Ұзындығы бойынша бұл - әлемдегі ең ұзын құрлықтық шекара және еуразиялық кеңістіктің саяси-тарихи контекстінде баламасы жоқ бірегей құбылыс. Қазақстан-Ресей шекарасының қалыптасу үдерісі бірнеше ғасыр бойы орын алған саяси, әкімшілік және аумақтық өзгерістердің динамикасын көрсететін күрделі әрі көпқырлы болды. Шекараның қалыптасуының шартты бастауын XVI ғасырдың екінші жартысынан бастауға болады, дәл осы кезеңде орыс және қазақ иеліктері арасында алғашқы байланыстар мен аумақтық межелеулер жүзеге аса бастады.

Біріншіден, Ресей Қазан және Астрахан хандықтарын бағындырып, Сібірді игеру үдерісі басталды. Екіншіден, қазақ этносының қалыптасуы жүріп, XVII ғасырда үш аумақтық-рулық бірлестік – үш жүз пайда болды. XVI–XVII ғасырларда орыс иеліктерінің қазақтар қоныстанған аумақтармен түйісуі ошақтық және жергілікті сипатта болды. Бұл байланыстар тұрақты шекаралық сызық қалыптастырмағандықтан, оларды қазіргі түсініктегі шекара ретінде тек белгілі бір шарттылықпен ғана қарастыруға болады. Қазақстан–Ресей шекарасының институционалдық, әскери-стратегиялық және мәдени-этнографиялық құрылымын қалыптастыруда казактар маңызды рөл атқарды, олар шекаралық аумақтарды интеграциялап, бекітуге және бақылауға ықпал етті. Сонымен қатар, түркі халықтарының белсенді қатысуы қазақ этносын мәдени-этнографиялық тұрғыдан қалыптастыруға елеулі үлес қосты.

XVIII ғасырдан бастап қазақ территорияларымен шекаралас аймақтарда жүйелі шекаралық саясат жүргізілді, оның негізгі құрамдас бөлігі ретінде әкімшілік-құқықтық нормалар бекітіліп, әскери-инженерлік инфрақұрылым салынды. Бұл саясат 1708 жылы Сібір губерниясының құрылуына және стратегиялық шекаралық бекіністердің пайда болуына негіз болды. Ресейдің қалыптасқан қазақ-орыс шекарасының солтүстік-батыс бөлігіндегі басты форпосты Орынбор қаласы болып саналды. XVIII ғасырдың екінші жартысында Сібірдегі шекаралық инфраструктура жүйесі негізінен қалыптасып, ол орыс әкімшілік құрылымын қазақтардың көшпелі аумақтарынан бөлді. XIX ғасырдың екінші жартысында шекаралық жүйе кеңейіп, крепостер, форттар, сигналдық мұнаралар және басқа да әскери-

инженерлік объектілерді қамтитын кешенді шекаралық желі құрылды. Сол ғасырда қазақ-орыс frontierі оңтүстікке қарай жылжып, қазіргі Солтүстік Қазақстан аумағын қамтыды, ал 1861 жылы крепостнойлық құқықтың жойылуы Солтүстік Қазақстанның жаппай отарлануын іске қосты, бұл демографиялық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерге ықпал етті [1, с. 186-188].

1917 жылғы саяси трансформациялар Қазақстан-Ресей шекарасын институционалдық тұрғыдан қайта қарауға және жаңа принциптер негізінде демаркациялауға жол ашты. Қазақстан мен көрші ресейлік аумақтардың әкімшілік бөліну процесі негізінен 1925 жылы аяқталды. Кеңестік кезеңде территориялық әкімшілік демаркация республикалардың әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау және ресурстарды рационалды пайдалану принциптері негізінде жүргізілді, бұл олардың индустриалдық, аграрлық және инфрақұрылымдық даму стратегиясына тікелей әсер етті [2, с.204]. Кеңес Одағының ыдырауынан кейін мемлекеттік шекараны нақтылау, демаркациялау және делимитациялау мәселелері геосаяси және халықаралық құқықтық тұрғыдан ерекше өзектілікке ие болды. 2005 жылы Қазақстан-Ресей шекарасын делимитациялау туралы Келісімге қол қойылып, шекараның құқықтық мәртебесі халықаралық құқық нормаларына сәйкес бекітілді [3, р.15], бұл екіжақты дипломатиялық, экономикалық және қауіпсіздік қатынастарының тұрақтылығын қамтамасыз етті.

Тақырыптың жеке аспектілерін қозғайтын жарияланымдардың болуына қарамастан, қазіргі күнге дейін Қазақстан-Ресей шекарасының қалыптасу тарихын жан-жақты көрсететін біртұтас құжаттық мұра концепциясы әзірленген жоқ.

Осы зерттеудің ғылыми мәселесі Ресей Федерациясының федералдық мұрағаттарында шоғырланған және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының қалыптасу тарихына қатысты құжаттық массивтердің фрагментарлығы мен бірізділіктің болмауында жатыр. Зерттеушілердің тақырыпқа деген жоғары қызығушылығына қарамастан, XVI-XX ғасырларды қамтитын барлық тиісті мұрағаттық қорларды тұтас, жүйеленген және классификацияланған түрде көрсететін жұмыс әлі күнге дейін жоқ. Бұл жағдай ғалымдар үшін әдістемелік және практикалық қиындықтар туындатады, оларды сенімді «жетекші құралдың» жоқтығында деректерді іздеу мен жинауға айтарлықтай ресурстар жұмсауға мәжбүр етеді.

Зерттеудің ғылыми жаңашылдығы Қазақстан-Ресей шекарасының қалыптасу тарихына қатысты құжаттарды қамтитын жетекші ресейлік федералдық және ведомстволық мұрағаттық қорларды алғашқы рет жан-жақты талдап, кешенді жүйеге келтіруінде. Ғылыми айналымға бұрын қолданылмаған нақты істер мен сипаттамалар енгізілді. Авторлық көпқырлы классификация ұсынылған –жеке істер, хронологиялық және басқа критерийлер бойынша, бұл зерттеу саласындағы болашақ ізденістер

үшін айтарлықтай практикалық маңызға ие. Жұмыс дереккөздік базадағы маңызды бос орынды толықтырады.

### **Материалдар мен әдістер сипаттамасы**

Ресей мен Қазақстан арасындағы аумақтарды межелеу үдерісін зерттеу ресми-құқықтық актілерді, сондай-ақ әкімшілік-басқарушылық құжаттаманы қамтитын мұрағаттық материалдардың кең ауқымын талдауға негізделеді. Межелеу мен шекаралардың өзгеруіне қатысты материалдар толығымен Ресей Федерациясының орталық мұрағат қоймаларында сақталған: Ресей мемлекеттік тарихи мұрағатында (РГИА), Ресей мемлекеттік ежелгі актілер мұрағатында (РГАДА), Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағатында (ГА РФ), сондай-ақ ведомстволық мұрағатында - Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Ресей Империясының сыртқы саясаты мұрағатында (АВПРИ МИД РФ), жекелеген мекемелердің мұрағатында - Ресей Ғылым академиясы Санкт-Петербург тарих институтының мұрағатында (Архив СПб ИИ РАН).

Осы дереккөздердің жиынтығы ресей-қазақ шекарасының қалыптасу және нақтылану үдерісін қайта қалпына келтіруге, оның тарихи логикасын айқындауға және шекара маңы кеңістігіндегі мемлекетаралық қатынастардың эволюциясын қадағалауға мүмкіндік береді.

Жұмыстың әдіснамалық негізін объективтілік пен тарихилық қағидаттары құрайды. Бұл қағидаттар мұрағаттық құжаттарды жан-жақты талдауға және оларды нақты фактілер мен оқиғаларға барынша жақындатуға мүмкіндік береді. Мұрағаттарды зерттеуде деректанулық, архивтанулық және тарихнамалық әдістерді ұштастыру маңызды. Деректанулық әдіс шынайылықтың дереккөзге қалай әсер еткенін және тарихшының дереккөзді өз дәуірінің шындығына қалай енгізетінін зерттейді. Мұрағаттанулық әдіс мұрағаттардың қалыптасу үдерістерін зерттеуге және олардың мазмұнын талдауға мүмкіндік береді. Тарихнамалық әдіс тарихилық қағидатына негізделеді, ол тарихи құжатты оның жарияланған нақты тарихи жағдайында қарастыруды талап етеді. Мұрағаттарды зерттеудің маңызды әдістерінің бірі - көлденең (айқаспалы) сілтемелер. Олар әртүрлі мұрағаттардағы жазбаларды салыстыру арқылы олардың нақтылығын тексеруге немесе ақпараттағы олқылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

### **Нәтижелер және талқылау**

Қазақстан-Ресей шекарасының қалыптасуына арналған мұрағаттық қорларды талдау оларды тарихилық қағидаттары мен хронологиялық тәсіл негізінде жүйелеуді ұсынуға мүмкіндік берді. Мұрағаттық материалдар бірнеше бағыт бойынша топтастырылды: шекараны анықтауға және бекітуге қатысқан мемлекеттік органдардың құжаттарын қамтитын ведомстволық қорлар, аумақтарды межелеу үдерісіне елеулі үлес қосқан тұлғалардың жеке архивтері, шекаралық өңірлерді игеру тарихына және шекараларды сипаттау қатысты материалдар.

Жүргізілген мұрағаттық дереккөздерді талдау Қазақстан-Ресей шекарасының қалыптасу тарихына қатысты құжаттық мұраны көпқабатты әрі кешенді феномен ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Ресей Федерациясының федералдық және ведомстволық архивтерінен анықталған материалдар әкімшілік межелеу үдерісін ғана емес, сондай-ақ бірнеше ғасыр бойы шекара маңы өңірлерінде орын алған саяси, әлеуметтік-экономикалық және этномәдени өзара ықпалдастықтардың кең ауқымын да көрсетеді.

Мұрағаттық қорлардағы деректерді бұрын жарияланған зерттеулермен салыстыру көптеген құжаттардың ғылыми айналымға әлі де толық енгізілмегенін айғақтайды. Бұл жағдай дереккөздердің түрлі мекемелерде бытыраңқы сақталуымен, сондай-ақ әкімшілік-құқықтық, картографиялық және корреспонденттік материалдарды біртұтас жүйеге біріктіретін толыққанды классификацияның болмауымен байланысты. Осындай жағдайда ұсынылған мұрағаттық қорларды жүйелеу шекараның қалыптасу хронологиясы мен кезеңдерін нақтылауға, басқарудың әртүрлі деңгейлерінде - империялық, одақтық және қазіргі мемлекетаралық деңгейлерде қабылданған шешімдердің сабақтастығын анықтауға мүмкіндік береді.

Мұрағаттық қорларды жүйелеу шекараның қалыптасу хронологиясын нақтылауға, әртүрлі басқару деңгейлерінде – империялық, одақтық және қазіргі кездегі мемлекетаралық деңгейде - қабылданған шешімдердің сабақтастығын бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұндай зерттеу әкімшілік бөліну, халықаралық келіссөздер, экспедициялар және Ресей-Қазақстан шекарасының сызығын анықтау мен бекітуге қатысқан ведомстволық комиссиялардың қызметіне қатысты материалдарды талдауға жол ашады. Мұрағаттық деректерді талдау тек тарихи процесті қалпына келтірумен шектелмей, сонымен бірге әр кезеңдегі шекаралық саясат пен басқару практикасының ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде ғылыми қызығушылық тудырады.

*Мемлекеттік шекараны қалыптастыру тарихы жөніндегі жеке істер қорлары.* Қазақстан-Ресей шекарасының қалыптасу үдерісін түсіну үшін Орынбор өлкесінің басқарушыларының қызметі ерекше маңызға ие. В.В. Григорьев (1816-1881) [4, с.149-150] - Петербург университетінің Шығыс тарихы профессоры, тарихшы-шығыстанушы, алты жыл бойы Ресейдің басты цензоры қызметін басқарған, құпия кеңесші.

1851 жылы ол Орынбор өлкесінде шекаралық экспедиция бастығы лауазымына тағайындалды. 1854-1862 жылдар аралығында Орынбор қазақтарының облысын басқарды. Баспасөз істері Бас басқармасының бастығы болған кезінде В.В. Григорьев Қазақстан мен оған шекаралас өңірлердің тарихы жөнінде ең хабардар тұлғалардың бірі болды. Оның қоры Ресей мемлекеттік тарихи мұрағатында (РГИА) сақталған (Қ.853), Орынбор өлкесінің жағдайы, әсіресе Кіші жүз қазақтарының саяси және экономикалық өмірі туралы мәліметтерді қамтиды.

Сондай-ақ қазақтардың патша әкімшілігі өкілдерімен күресі туралы бөлшектік деректер, географиялық сипаттамалар, статистикалық мәліметтер және Ресейдің XIX ғасырдағы Орталық Азиядағы оңтүстік бағыттағы шекараларын кеңейтуін сипаттайтын басқа да құжаттар мен материалдар бар. Біз үшін ерекше мәні бар құжаттар - В.В. Григорьевтің жыл сайынғы есептері және Орынбор қазақтары облысын басқару бойынша жазбалары, сондай-ақ Ішкі істер министрлігімен жүргізілген жазбалар, резолюциялар және хат алмасулар. Сондай-ақ оның Ресей империясын Шығыста саяси және экономикалық тұрғыдан дамыту перспективалары жөніндегі қолжазба еңбектері құнды дерек болып табылады. Бұл қор материалдары Санкт-Петербургтегі РГИА-дегі Шығыстанушылар мұрағатындағы В.В. Григорьев қоры (Қор 61) және Санкт-Петербург тарих институтының мұрағатында (Архив СПб ИИ РАН, Қор 154, І.А. Шляпкин, Тізім. 1, Іс 259) сақталған жеке істермен толықтырылуы мүмкін.

РГИА-дағы (954 қоры) Кауфмандар [5, с.461-463] қоры әртүрлі тақырыптағы көптеген материалдарды қамтиды. Біз үшін ең маңыздысы – К.П. Кауфманның (1818-1882) [6, с.562-564] қызметіне қатысты құжаттар. Ол 1849 жылы Прикаспий өлкесі әскерінің аға инженері болып тағайындалған, 1867 жылдан бастап Түркістан әскери округі әскерін басқарған. Қорында Орталық Азияға әскери жорықтар және Түркістан өлкесін басқару жөніндегі мәліметтер (әскер басшыларына берілген нұсқаулар, олардың маршруттары, әртүрлі тұлғалардың жазбалары және темір жол құрылысы, халық ағарту ісі, ресей-қытай қатынастары мәселелеріне қатысты құжаттар) және әскери округті басқару жөніндегі материалдар сақталған.

XIX ғасырдағы Ресей губернаторы Н.А. Крыжановский [7] қоры (РГИА, 974 қор) Орынбор генерал-губернаторлығын басқару жөніндегі жыл сайынғы есептерді және осы мәселелер бойынша Сыртқы істер, Ішкі істер және Әскери министрлік өкілдерімен жүргізілген хат алмасуды қамтиды.

Мордвиновтар қорында (РГИА, 994 қор) кедендік тарифтер, теңіз шекаралары, соның ішінде Каспий теңізі, Орынбор өлкесінің экономикалық жағдайы туралы деректер бар (1.3 тізім). Дегенмен, бұл қордағы құжаттардың бір бөлігі және кейбір жетіспейтін материалдар революцияға дейін көптомдық «Мордвинов графтарының мұрағаты» басылымында жарияланған. Қазақстанда бұл басылымның бір данасы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің кітапханасының Сирек кітаптар бөлімінде сақталған.

В.А. Перовский (1795-1857) [8, с.530-540] – Ресей империясының көрнекті мемлекет және әскери қайраткері, 1851 жылы Орынбор генерал-губернаторы қызметін атқарған. Оның басқарушылық және экспедициялық қызметі империяның оңтүстік аймақтарын отарлау және әскери-әкімшілік тұрғыда игеру үдерісінде маңызды рөл атқарды. В.А. Перовскийдің басшылығымен бірқатар қорғаныс бекіністері салынды, сондай-ақ Арал теңізін зерттеуге бағытталған ғылыми-географиялық экспедициялар

ұйымдастырылды. Бұл зерттеулер өңірдің географиялық және экономикалық әлеуетін айқындауда ерекше маңызға ие болды. Ресей мемлекеттік тарихи мұрағатының (РГИА) 1021 қорында Перовский басқарған кезеңдегі Орынбор өлкесінің тарихына қатысты кең ауқымды құжаттық материалдар тізімдестірілген. Қор құрамында генерал-губернаторлық әкімшіліктің жыл сайынғы есептері, 1839-1840 жылдардағы сәтсіз Хиуа жорығына байланысты материалдар, сондай-ақ Ақ-Мешіт (Қоқан хандығы) бекінісіне жасалған әскери экспедиция жөніндегі құжаттар бар. Бұл деректер Ресей империясының Орталық Азия бағытындағы әскери экспансиясы мен шекаралық саясаттың кеңіюі үдерісін айқын көрсетеді. Қор материалдары мазмұнының тақырыптық ауқымы кең әрі әкімшілік-аумақтық құрылым, стратегиялық әскери жоспарлар, демографиялық және статистикалық мәліметтер, сондай-ақ шекаралық аймақ халқы жөніндегі этнографиялық бақылауларды қамтиды. Бұл дереккөздер кешені ХІХ ғасырдағы империялық интеграция, басқару жүйесінің трансформациясы және Қазақстан мен Ресей арасындағы шекараның қалыптасу үдерісін зерттеуде жоғары деректанулық және тарихнамалық маңызға ие.

М.М. Сперанский қоры (1772-1839) [9, с.390] Ресей заңнамасын кодификациялауға дайындық, Сібір генерал-губернаторы қызметіндегі оның қызметі, екі ірі жарлықты енгізу – «Сібірдегі бұратаналар туралы» және «Сібірдегі қырғыздар туралы» материалдарымен қызықты. М.М. Сперанскийдің өз сөзімен айтқанда, басты мақсаттардың бірі – шекара мәселелерін шешу болған. Сонымен қатар, қорда эпистолярлық деректер бар, олар Ресей империясындағы реформаларды, оның ішінде шет аймақтардағы губернияларда жүзеге асыру ерекшеліктерін көрсетеді.

Көші-қон қозғалысы мәселелеріне Ресей мемлекеттік тарихи мұрағатының (РГИА) 1571 қоры арналған, ол А.В. Кривошеиннің (1857-1921) [10, с.10-11] қызметімен байланысты. А.В. Кривошеин – ХХ ғасырдың басындағы Ресей империясының көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қоныс аудару басқармасының бастығы, сондай-ақ Қаржы министрінің орынбасары және жер ресурстары мен ауыл шаруашылығын басқарудың бас үйлестірушісі болған. Аталған қорда Ресей империясының аграрлық және қоныс аудару саясатының жүзеге асырылу барысына қатысты құжаттар тізімдестірілген. Құжаттар құрамында жерді бөлу және игеру, қоныс аударушыларды орналастыру, сондай-ақ қазақ даласы мен Орта Азия аумағында жүргізілген аграрлық реформалардың әкімшілік-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық негіздерін сипаттайтын материалдар қамтылған. Бұл дереккөздер ХХ ғасырдың басындағы қоныс аудару үдерістерінің динамикасын, аграрлық саясаттың аймақтық ерекшеліктерін және оның қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымына тигізген ықпалын зерттеуде маңызды мағлұмат береді.

Ресей мемлекеттік тарихи мұрағатында қорларында ерекше туындылардың бірі - 1396 қор сенатор К.К. Паленге (1861-1923) [11, с.117]

қатысты материалдар. Сенатор Түркістан өлкесінде ревизия жүргізген. Ең құнды материалдар ХХ ғасыр басындағы өлкедегі отырықшы және көшпелі халықтың экономикалық жағдайы мен жер қатынастарына қатысты деректер болып табылады. Сонымен бірге ерекше мәнге ие құжат - «Түркістан өлкесінің 1909 жылғы жағдайы туралы Түркістан генерал-губернаторының баяндамасы». Бұл құжат ревизиядан бірнеше жыл өткен соң аздаған қысқартулармен Есеп беру форматында жарияланған.

Ресей мемлекеттік тарихи мұрағатының 1397 қорында генерал-адъютант Н.Н. Анненковтың (1799-1865) [12, с.199-200] 1850 жылы Батыс Сібірге жүргізген ревизиясына қатысты материалдар сақталған. Аталған дереккөздер Ресей империясының әкімшілік-басқару жүйесін жетілдіру және шекаралық кеңістікті институционалдық тұрғыда ұйымдастыру үдерістерін зерделеуде ерекше маңызға ие. Н.Н. Анненковтың ревизиялық материалдары Батыс Сібір аймағындағы әскери-жер қатынастарының жағдайын, сондай-ақ Ертіс пен Есіл өзендері бойындағы шаруашылық игеру динамикасын сипаттай отырып, қазақ-орыс шекарасының қалыптасуындағы әлеуметтік-экономикалық және геостратегиялық факторларды талдауға нақты деректік негіз береді. Кеңестік кезең тарихына қатысты ең толық құжаттық кешен Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағатында сақталған. Бұл мұрағаттағы материалдар Ресей империясы мен Мәскеу патшалығы дәуірлерінен бастап, Уақытша үкімет кезеңі мен ұлттық автономиялардың қалыптасу тарихына дейінгі кең тарихи хронологиялық шеңберді қамтиды. Атап айтқанда, мұнда қазақ-орыс шекарасының қалыптасу және демаркациялау үдерістеріне, сондай-ақ «Алаш Орда» үкіметі өкілдерімен өзара қатынас тарихына қатысты маңызды деректер жинақталған.

ГА РФ қорларының ішінде ерекше назар аударуға тұрарлық қор – П.Н. Милюков қоры (579 қор) [13, с.560-562]. Онда конституциялық-демократиялық партия (кадеттер) басшыларының шекара саясатының теориялық және практикалық аспектілерін қалыптастыруға арналған аналитикалық материалдары, сондай-ақ қазақ және орыс жерлері арасындағы әкімшілік шекараларды демаркациялау және он версттік белдеуде нақтылау жөніндегі құжаттар шоғырланған. Бұл материалдар империялық шекара саясатының саяси-құқықтық негіздері мен оның ұлт аймақтарындағы кеңістіктік құрылымдарға әсерін зерделеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Н.П. Игнатъев қоры (730 қор) (Ішкі істер министрі) ерекше құндылыққа ие. Бұл қордағы материалдар шекараларды қалыптастыру, олардың өзгерістерін ұсыну және геосаяси тұрғыдан оңтайландыру жолдарын кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді. Мысалы, мұрағатта Северцевтің 1864 жылғы «Ресей мен Орталық Азия арасындағы табиғи тұрғыдан ең қолайлы шекаралар туралы жазбасы» және оған граф Н.П. Игнатъевтің берген резолюциясы (1 тізім, 504 іс) сақталған [14, с.14-16]. Осы мұрағаттық кешендер қазақ-орыс шекарасының қалыптасу динамикасын, империялық кеңістікті басқару стратегияларын және аймақтық саяси-географиялық



құрылымдардың трансформациясын кешенді түрде зерттеуге арналған жоғары деректанулық және тарихнамалық әлеуетке ие.

*Қазақстан-Ресей шекарасының қалыптасу хронологиясы бойынша мұрағаттық қорлар.* Ресей мемлекеттік ежелгі актілер мұрағаты қазақ – орыс шекарасының қалыптасу мәселелеріне тікелей қатысты құжаттар жинақталған қорларды қамтиды. Құжаттар көптеген қорлар, тізімдер және істер бойынша бытыраңқы орналасқан, олардың ішінен ең қызықты материалдарды бөліп қарастыруға болады.

РГАДА зерттеушілерге жақсы таныс қорлардың бірі болып табылады. 122 қор 2 тізімде «Елшілік бұйрық. Қырғыз-қайсақ істері» хан Қайыптың ресейлік билік органдарына жазған хат алмасулары, соның ішінде бодандық сұрауы бойынша материалдар сақталған. Сонымен қатар, қорда қазақ-орыс саудасы туралы деректер және XVIII ғасырдың басында қазақтардың қоныстануы жөніндегі материалдар қамтылған [15]. Сол сияқты, 113 қор «Елшілік бұйрық. Зенгор істері» ресейліктердің жоңғарлармен, қалмақтармен, қазақтармен, башқұрттармен және қытайлармен қатынастарына қатысты құжаттарды (Тізім. 1) қамтиды [16].

XVI-XVII ғасырларда қазақтар мен ресейліктер арасындағы бастапқы, соның ішінде дипломатиялық қатынастарға қатысты кейбір материалдарды РГАДА қорларынан табуға болады: 127 қор «Ноғай істері» (1 тізім) [17] және 122 қор, 1 тізім.

РГАДА-дағы 122/1 бума XVIII ғасырдағы Тобыл губерниясының алғашқы карталарының бірін қамтиды, онда қазақтардың қоныстанған аймақтары көрсетілген. РГАДА-дағы 1335 бума картасы «Оренбург губерниясының қарапайым жалпы өндірісі» атты картаны ұсынады, ол 1775 жылы «Губернияларды басқару жөніндегі ережелер» жарияланғаннан кейін жасалған. Сонымен қатар, 192 қор (Мәскеудегі Сыртқы істер министрлігінің Бас мұрағатының картографиялық бөлімі, коллекция), 1 тізім 3 Істе Тобыл губерниясының карталары мен сипаттамалары сақталған.

Ресейдің Ежелгі актілер мемлекеттік мұрағаты – Сібірдің игерілуі мен қазақ-орыс шекарасының қалыптасу тарихына қатысты деректердің кең ауқымын қамтитын негізгі мұрағаттардың бірі болып табылады.

РГАДА қоры, 196 қор 1 тізім, 1543 іс («Сібір шежіресі») Ресей империясының шығыс аймақтарына колониялық тұрғыда ілгерілеуін, қазақ хандықтарымен байланыс орнату үдерістерін және Ертіс пен Есіл шептерінің салынуы туралы мәліметтерді қамтиды. Сондай-ақ, құжатта жоңғар және қытай билік құрылымдарымен өзара қатынастар жөніндегі деректер бар, бұл оны аймақаралық және халықаралық саяси сипаттағы дереккөзі ретінде ерекшелейді.

1100 қор – «Орынбор губернаторы И. А. Рейнсдорптың канцеляриясы» материалдары да белгілі бір қызығушылық тудырады [18]. Мұнда Орынбор губерниясының әкімшілік-аумақтық құрылымы мен шекаралық шептердің қалыптасуы жөніндегі мәліметтер жинақталған. Алайда бұл қор мазмұндық

тұрғыдан РГАДА қорларының 248 қоры («Сенат») материалдарымен салыстырғанда анағұрлым аз ақпарат береді.

РГАДА қорларының 248 қоры («Сенат») – зерттеліп отырған тақырып тұрғысынан ең көлемді және мазмұнды қорлардың бірі [19]. Әсіресе 113 тізім (49, 101, 181, 315, 359, 482, 569, 618, 884, 887, 889, 1057, 1287, 1363, 1380, 1386, 1411 істер) істері ерекше құндылыққа ие. Бұл істерде Император Жарлықтары мен Билеуші Сенаттың нұсқаулары, шекаралық экспедициялар басшыларына, Орынбор және Сібір ведомстволарының басшыларына арналған нұсқамалар, сондай-ақ XVIII ғасырдағы Орта Азия мен Қиыр Шығыс аймақтарындағы халықаралық қатынастарға қатысты мол материалдар жинақталған. Құжаттардың едәуір бөлігі ғылыми айналымға енгізілмеген, бұл олардың деректік маңызын арттыра түседі.

Қордың өзге тізімдері, атап айтқанда 14 [20] тізім (жарлықтық және кедендік материалдар) және 15 тізім [21] (Орынбор губернаторының мәлімдемелері, Тобыл губерниялық канцеляриясының тізімдемелері, В.Н. Татищевісіне қатысты материалдар, Камералдық және Әскери коллегиялардың құжаттары, Ресей империясының қазақ жерлеріндегі әкімшілік, әскери және әлеуметтік-экономикалық саясатын зерттеуде үлкен маңызға ие.

РГАДА деректерін ішінара қайталайтын елеулі құжаттар Ресей империясының Сыртқы саясат мұрағатында (АВПРИ), негізінен Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментінің Бас мұрағаты қорларында (I-1, I-7, I-9, I-10, II-25, II-33, III-1 қорлар) сақталған. Бұл материалдар Ресей империясының шығыс саясаты мен Қазақстан-Ресей дипломатиялық қатынастарының қалыптасу тетіктерін анықтауға мүмкіндік береді. Революцияға дейінгі кезеңдегі шекаралық аймақтандыру мен әскери қызмет тарихына қатысты бірқатар бірегей құжаттар Ресейдің Мемлекеттік әскери-тарихи мұрағатында (РГВИА) сақтаулы. Атап айтқанда, РГВИА қоры, ӘҒА қоры (Әскери-ғылыми архив), 52 қор (Г.А. Потемкин-Таврический) [22], 395 қор (Инспекторлық департамент), 483 қор («Орта Азиядағы әскери іс-қимылдар») [23] материалдары ерекше назар аударарлық. Айта кету керек, осы аталған істердің бір бөлігі қазіргі таңда цифрландыру кезеңінде болғандықтан, зерттеушілер үшін уақытша қолжетімсіз.

РГАДА мен АВПРИ мұрағаттық кешендері XVIII ғасырдағы Қазақ-Ресей шекарасының қалыптасу тарихын зерттеудің негізгі деректік негізін құрайды. Олар Ресей империясының әкімшілік-аумақтық және әскери-саяси құрылымын ғана емес, сонымен қатар оның Орталық Азия кеңістігіндегі дипломатиялық және отарлық стратегиясының ерекшеліктерін де айқын көрсетеді.

### **Қорытынды**

Мұрағат материалдарын талдау бірқатар әдістемелік және ұйымдастырушылық проблемаларды көрсетті, олар ғылыми ізденісті елеулі түрде қиындатады. Олардың қатарында – құжаттық кешендердің

толық еместігі, хронологиялық қатарларда үзілістер, сипаттамалардың үйлеспеушілігі және бірыңғай анықтамалық-ақпараттық жүйелердің жоқтығы бар. Бұл факторлар кешенді, көпсалалы зерттеулер жүргізуді қиындатады және мұрағаттық деректерді жүйелеуді, оның ішінде оларды сандық технологиялар арқылы тіркеу мен сипаттауды жалғастыру қажеттігін көрсетеді. Осылайша, қазақ-орыс шекарасының қалыптасу процесін көрсететін мұрағаттық деректерді зерттеу және реттеу тек тарихи ұғымдарды нақтылауға ғана емес, сонымен қатар кейінгі салыстырмалы және дереккөздік зерттеулерге берік негіз қалыптастыруға ықпал етеді.

Жүргізілген зерттеу қазақ-орыс мемлекеттік шекарасының қалыптасуы мен дамуы тарихын бейнелейтін құжаттық материалдардың ауқымды жиынтығын анықтап, жүйелеуге мүмкіндік берді. Мұрағаттық деректерді талдау екі мемлекет арасындағы аумақтарды межеллеу үдерісі ұзақ мерзімді және көпқабатты сипатқа ие екенін, онда саяси, әкімшілік-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тарихи аспектілердің өзара тоғысатынын көрсетті.

Анықталған құжаттар шекараның қалыптасуы бір сәттік акт емес, мемлекеттік құрылымның өзгеруі, шаруашылық қажеттіліктер және өңірлік саясаттың ерекшеліктерімен айқындалған бірізді шешімдер мен әкімшілік қайта құрулар тізбегі болғанын дәлелдейді. Мұрағаттық қорларды жүйелеу зерттеудің деректемелік негізін нақтылап қана қоймай, оның одан әрі дамуының перспективаларын айқындауға мүмкіндік берді. Ұсынылған нәтижелер Қазақстан – Ресей шекарасының тарихына қатысты құжаттар туралы мәліметтерді біріктіретін бірыңғай анықтамалық-ақпараттық ресурс құруға негіз бола алады. Мұндай дереккөз зерттеушілерге материалды кешенді түрде талдауға мүмкіндік беріп, тарих, саясаттану, құқық және халықаралық қатынастар арасындағы пәнаралық байланыстарды кеңейтеді.

Жаңа деректерді пайдалану белгілі бір тарихи сюжеттерді нақтылап қана қоймай, бұған дейін эмпирикалық базаның жеткіліксіздігіне байланысты талдауға мүмкін болмаған тақырыптарды да қарастыруға жол ашады.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

[1] Голунов С.В. Российско-казахстанская граница: история формирования. - Волгоград: Издательство Волгоградского государственного университета. - 2005. - 422 с.

[2] Нечаева Е.Л., Кожирова С.Б., Быков А.Ю. История формирования казахстанско- российской границы в 20-е годы XX века // Отан тарихы. – 2022. - № 2 (98). - С. 197-206.

[3] Шукыжанова, А. Н., Мукашева, А., Абдрахманов, К. Делимитация государственной границы Республики Казахстан и Российской Федерации: проблемы и пути решения // Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана. Серия: Международные отношения и регионоведение. - 2023. - Т. 54, № 4. - С. 8-21

[4] Григорьев В. В. Библиографический словарь отечественных тюркологов. Дооктябрьский период / под ред. А. Н. Кононова. - М.: Главная редакция восточной литературы изд-ва «Наука», 1974. - 342 с.

[5] Кауфманы // Кальяри - Коалиционные войны / Военная энциклопедия: в 18 т. / под ред. К. И. Величко [и др.]. - СПб.; [М.]: Т-во И. Д. Сытина, 1913. - Т. 12: Кальяри - Кобелянка. - 335 с.

[6] Кауфман К.П. // Русский биографический словарь: в 25 т. / под наблюдением председателя Имп. Рус. исторического общества А. А. Половцева. - СПб.: тип. Главного управления уделов, 1897. Т. 8: Ибак - Ключарев. - 756 с.

[7] Кръжановские // Военная энциклопедия: [в 18 т.] / под ред. В.Ф. Новицкого [и др.]. СПб.; [М.]. - Т. 2: Тип. т-ва И.Д. Сытина, 1911-1915. - 564 с.

[8] Перовский В.А. // Русский биографический словарь: в 25 т. / под наблюдением председателя Имп. Рус. исторического общества А. А. Половцева. - СПб.: тип. Имп. Рус. исторического общества, 1902. - Т. 13: Павел преподобный - Петр (Илейка). - 711 с.

[9] Бумаги М. М. Сперанского. Бумаги, касающиеся уголовного уложения // РГИА. - Ф. 1251. Оп. 1. Ч. 1. 1803–1847 гг. - Лл. 390.

[10] Письмо А. В. Кривошеина П. А. Столыпину, 16 мая 1908 г. // Российский государственный исторический архив (РГИА). - Ф. 1571. Оп. 1. Д. 324. - Л. 10-11.

[11] Пален К. К. План отчета по ревизии Туркестанского края и сведения о его выполнении. Краевое управление // РГИА. - Ф. 1396. Оп. 1. Д. 412. - Лл. 16.

[12] Анненков Н.Н. // Русский биографический словарь: в 25 т. - СПб.: Имп. Рус. историческое общество, 1900. - Т. 2: Алексинский - Бестужев-Рюмин. - 799 с.

[13] Милюков П. Н.: историк, политик, дипломат: материалы международной научной конференции, Москва, 26–27 мая 1999 г. / Рос. независимый ин-т соц. и нац. проблем, Рос. акад. естеств. наук.- М.: РОССПЭН, 2000. - 560 с.

[14] Список генералам по старшинству. Составлен по 1 января 1898 года. - Санкт-Петербург: Военная тип., 1898. - 242 с.

[15] Российский государственный архив древних актов (РГАДА). Ф.122. Оп.2. Д.1. Л.1–3.

[16] Архив внешней политики Российской империи (АВПРИ). Ф.113. Оп.1. Д.2. Л.160

[17] Российский государственный архив древних актов (РГАДА). Ф.127. Оп.1. Д.2. Л.239

[18] Российский государственный архив древних актов (РГАДА). Ф. 1100. Оп.1. Д.9–10. 1772–1774 гг.

[19] Российский государственный архив древних актов (РГАДА). Ф.248. Оп.3. Кн.134. Д.2. Л.5–6.

[20] Российский государственный архив древних актов (РГАДА). Ф.248. Оп.14. Д.803. Л.23, 53.

[21] Российский государственный архив древних актов (РГАДА). Ф.248. Оп.15. Д.6. Л.35.

[22] Российский государственный военно-исторический архив (РГВИА). Ф.52. Оп.2. Д.32. Ч.1.

[23] Российский государственный военно-исторический архив (РГВИА). Ф.483. Оп.1. Д.10; Д.14 и др.

## REFERENCES

[1] Golunov S.V. Rossiysko-kazakhstanskaya granitsa: istoriya formirovaniya [Russian-Kazakh Border: History of Formation]. Volgograd: Izdatelstvo Volgogradskogo gosudarstvennogo universiteta [Volgograd State University Publishing House], 2005, p. 422 [in Russ.].

[2] Nechaeva E.L., Kozhirova S.B., Bykov A.Yu. Istoriya formirovaniya kazakhstansko-rossiyskoy granitsy v 20-e gody XX veka [History of the Formation of the Kazakhstan-Russia Border in the 1920]. Otan tarikhy [Otan Histo], 2022, № 2 (98), pp. 197-206 [in Russ.].

[3] Shukyzyanova A.N., Mukasheva A., Abdrakhmanov K. Delimitatsiya gosudarstvennoy granitsy Respubliki Kazakhstan i Rossiyskoy Federatsii: problemy i puti resheniya [Delimitation of the State Border of the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation: Problems and Solutions]. Izvestiya KazUMOiMYa im. Abylai khana. Seriya: Mezhdunarodnye otnosheniya i regionovedenie [Bulletin of Kazak Abali khan UIR&IR. Series: International Relations and Regional Studies], 2023, T. 54, № 4, pp. 8-21 [in Russ.].

[4] Grigoriev V.V. Biobibliograficheskiy slovar' otechestvennykh tyurkologov. Dooktyabrskiy period / red. A.N. Kononov [Biobibliographical Dictionary of Domestic Turkologists. Pre-October Period / ed. A.N. Kononov]. M.: Glavnaya redaktsiya vostochnoy literatury izd-va «Nauka» [Main Editorial Office of Oriental Literature, Nauka Publishing House], 1974, p. 342 [in Russ.].

[5] Kaufmany. Kalyari - Koalitsionnye voyny / Voennaya entsiklopediya: v 18 t. / pod red. K.I. Velichko [i dr.] [Kaufmans. Cagliari - Coalition Wars / Military Encyclopedia: in 18 Vols. / ed. K.I. Velichko et al.]. SPb.; [M.]: t-vo I.D. Sytina (I.D. Sytin Publishing Society), 1913, T. 12: Kalyari – Kobelyanka, p. 335 [in Russ.].

[6] Kaufman-fon K.P. Russkiy biograficheskiy slovar': v 25 t. / pod nablyudeniem predsedatelya Imp. Russkogo istoricheskogo obshchestva A.A. Polovtseva [Russian Biographical Dictionary: in 25 Vols. / under the supervision of the Chairman of the Imperial Russian Historical Society A.A. Polovtse]. SPb.: tip. Glavnogo upravleniya udelov (Printing House of the Main Department of Domains), 1897. T. 8: Ibak – Klyucharev, p. 756., pp. 562-564 [in Russ.].

[7] Kryzhanovskie / Voennaya entsiklopediya: [v 18 t.] / pod red. V.F. Novitskogo [i dr.] [Kryzhanovskies / Military Encyclopedia: in 18 Vols. / ed. V.F. Novitsky et al.], SPb.; [M.]: Tip. t-va I.D. Sytina, 1911-1915 [in Russ.].

[8] Perovskiy V.A. Russkiy biograficheskiy slovar': v 25 t. / pod nablyudeniem predsedatelya Imp. Russkogo istoricheskogo obshchestva A.A. Polovtseva [Russian

Biographical Dictionary: in 25 Vols. / under the supervision of the Chairman of the Imperial Russian Historical Society A.A. Polovtsev]. SPb.: tip. Imp. Russkogo istoricheskogo obshchestva, 1902. T. 13: Pavel prepodobnyy - Petr (Ileyka), p. 711, pp. 530-540 [in Russ.].

[9] Bumagi M.M. Speranskogo. Bumagi, kasayushchiesya ugolovnogo ulozheniya (Papers of M.M. Speransky. Papers Concerning the Criminal Code). RGIA. F. 1251. Op. 1. Ch. 1. 1803–1847 gg. Ll. 390 [in Russ.].

[10] Pis'mo A.V. Krivosheina P.A. Stolypinu, 16 maya 1908 g. [Letter from A.V. Krivoshein to P.A. Stolypin, 16 May 1908]. Rossiyskiy gosudarstvennyy istoricheskiy arkhiv (RGIA), F. 1571. Op. 1. D. 324, L. 10-11 [in Russ.].

[11] Palen K.K. Plan otcheta po revizii Turkestanskogo kraya i svedeniya o ego vypolnenii. Kraevoye upravlenie [Plan of the Report on the Revision of the Turkestan Region and Information on its Implementation. Regional Administration]. RGIA, F. 1396. Op. 1. D. 412. Ll. 16 [in Russ.].

[12] Annenkov N.N. Russkiy biograficheskiy slovar': v 25 t. [Russian Biographical Dictionary: in 25 Vols.]. SPb.: Imp. Russkoye istoricheskoye obshchestvo (Imperial Russian Historical Society), 1900, T. 2: Aleksinskiy - Bestuzhev-Ryumin, p. 799, pp. 199-200 [in Russ.].

[13] Milyukov P.N.: istorik, politik, diplomat: materialy mezhdunarodnoy nauchnoy konferentsii, Moskva, 26–27 maya 1999 g. [P.N. Milyukov: Historian, Politician, Diplomat: Materials of the International Scientific Conference, Moscow, 26–27 May 1999]. Ros. nezavisimyy in-t sots. i nats. problem, Ros. akad. yestestv. nauk [Russian Independent Institute of Social and National Problems, Russian Academy of Natural Sciences]. M.: ROSSPEN, 2000, p. 560 [in Russ.].

[14] Spisok generalam po starshinstvu. Sostavlenn po 1 yanvarya 1898 goda [List of Generals by Seniority. Compiled as of 1 January 1898]. Sankt-Peterburg: Voennaya tip. [Military Printing House], 1898, p. 242. - 997 [in Russ.].

[15] Rossiiskii gosudarstvennyi arkhiv drevnikh aktov [Russian State Archive of Ancient Acts – RGAD], F. 122, Op. 2, D. 1, L. 1–3 [in Russ.].

[16] Arkhiv vneshnei politiki Rossiiskoi imperii [Archive of Foreign Policy of the Russian Empire – AVPRI], F. 113, Op. 1, D. 2, L. 160 ob [in Russ.].

[17] Rossiiskii gosudarstvennyi arkhiv drevnikh aktov [Russian State Archive of Ancient Acts – RGADA], F. 127, Op. 1, D. 2, L. 239. 1619 [in Russ.].

[18] Rossiiskii gosudarstvennyi arkhiv drevnikh aktov [Russian State Archive of Ancient Acts – RGADA], F. 1100, Op. 1, D. 9–10. 1772–1774 [in Russ.].

[19] Rossiiskii gosudarstvennyi arkhiv drevnikh aktov [Russian State Archive of Ancient Acts – RGADA]. F. 248, Op. 3, Kn. 134, D. 2, L. 5–6 [in Russ.].

[20] Rossiiskii gosudarstvennyi arkhiv drevnikh aktov [Russian State Archive of Ancient Acts – RGADA], F. 248, Op. 14, D. 803, L. 23, 53 [in Russ.].

[21] Rossiiskii gosudarstvennyi arkhiv drevnikh aktov [Russian State Archive of Ancient Acts – RGADA], F. 248, Op. 15, D. 6, L. 35 [in Russ.].

[22] Rossiiskii gosudarstvennyi voenno-istoricheskii arkhiv [Russian State Military Historical Archive RGVIA], F. 52, Op. 2, D. 32, Ch. 1 [in Russ.].

[23] Rossiiskii gosudarstvennyi voenno-istoricheskii arkhiv [Russian State Military Historical Archive – RGVIA], F.483, Op.1, D.10; D.14 i dr. [in Russ.].

## АРХИВНОЕ НАСЛЕДИЕ ПО ИСТОРИИ ФОРМИРОВАНИЯ КАЗАХСКО-РОССИЙСКОЙ ГРАНИЦЫ

Кистаубаева А.К.<sup>1</sup>, \*Шукыжанова А.Н.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Национальный центральный музей РК, Алматы, Казахстан

\*<sup>2</sup> Казахский университет международных отношений и мировых языков  
имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

**Аннотация.** Статья посвящена комплексному анализу архивного наследия, отражающего историю формирования казахстанско-российской государственной границы, и направлена на выявление, систематизацию и научное осмысление документальных комплексов, сосредоточенных в ведущих федеральных и ведомственных архивах Российской Федерации. Процесс формирования границы между Республикой Казахстан и Российской Федерацией представлял собой многоуровневое и продолжительное явление, включавшее политические, административно-правовые, социально-экономические и стратегические факторы, что обусловило неоднократные изменения линии границы в разные исторические периоды. Несмотря на наличие отдельных исследований, охватывающих различные этапы разграничения, до сих пор отсутствовало целостное научное описание документального массива, позволяющее реконструировать процесс формирования границы с XVI по XX век.

Актуальность и научная проблема исследования связаны с фрагментарностью и разрозненностью сведений об архивных материалах, что затрудняет работу исследователей и препятствует формированию полной картины территориального разграничения. Научная новизна статьи заключается в том, что в ней впервые представлен расширенный обзор и многоаспектная систематизация архивных фондов, содержащих документы по вопросам межгосударственной делимитации, административного устройства приграничных территорий. Ввод в научный оборот ранее неиспользованных дел и описей восполняет существенный пробел в источниковедческом изучении темы.

Эмпирическая база исследования включает материалы РГИА, РГАДА, ГА РФ, АВПРИ и Архива Санкт-Петербургского института истории РАН. Применение источниковедческих, архивоведческих, историографических и сравнительно-исторических методов позволило выделить хронологические и персональные группы источников, отразившие ключевые этапы формирования казахстанско-российской границы. Полученные результаты формируют структурированную «карту» документального наследия и создают основу для дальнейших исследований в области истории межгосударственных отношений и приграничного взаимодействия.

**Ключевые слова:** государственная граница, архивные источники, демаркация, делимитация, Казахстан, Россия, историко-архивное исследование

## ARCHIVAL HERITAGE ON THE HISTORY OF THE FORMATION OF THE KAZAKH-RUSSIAN BORDER

Kistaubayeva A.K.<sup>1</sup>, \*Shukyzhanova A.N.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> National Central Museum of the Republic of Kazakhstan,  
Almaty, Kazakhstan

\*<sup>2</sup> Kazakh Ablai khan university of international relations and world languages,  
Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** The article is devoted to a comprehensive analysis of the archival heritage that reflects the history of the formation of the Kazakh-Russian state border. The research aims to identify, systematize and interpret the documentary complexes preserved in the major federal and departmental archives of the Russian Federation. The process of border formation between the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation was a multilayered and long-term phenomenon shaped by political, administrative-legal, socio-economic and strategic factors, which caused repeated changes in the border line throughout different historical periods. Although certain studies have examined individual aspects of this topic, a complete scholarly description of the documentary corpus enabling a full reconstruction of the border formation process from the sixteenth to the twentieth century has not yet been produced.

The relevance and scientific problem of the research stem from the fragmented and dispersed nature of archival data, which complicates the work of researchers and hinders the development of a comprehensive picture of territorial delimitation. The scientific novelty of the article lies in the first expanded review and multi-aspect systematization of archival collections containing documents on interstate delimitation and the administrative organization of border territories. The introduction into academic circulation of previously unused files and inventories eliminates a significant gap in the source-based study of the topic.

The empirical basis of the research includes materials from RGIA, RGADA, the State Archive of the Russian Federation, AVPRI, and the Archive of the St. Petersburg Institute of History of the Russian Academy of Sciences. The application of source-study, archival, historiographic and comparative-historical methods made it possible to distinguish chronological and personal groups of sources that reflect the key stages of the Kazakh-Russian border formation. The findings form a structured “map” of the documentary heritage and create a foundation for further research in the field of interstate relations and cross-border cooperation.

**Key words:** state border, archival sources, demarcation, delimitation, Kazakhstan, Russia, historical-archival research

*Мақала түсті: 08 Қараша 2025*

*Жариялауға қабылданды: 02 Желтоқсан 2025*



***Авторлар туралы мәліметтер:***

Кистаубаева Айгуль Кадырбековна - т.ғ.к., ҚР Ұлттық орталық музейі, Қазақстан тарихын зерттеу бөлімінің жетекшісі, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: aigulkyst@mail.ru

Шукыжанова Айым Нуртасовна - PhD, қауымдастырылған профессор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: aiym.shukizhanova@gmail.com

***Сведения об авторах:***

Кистаубаева Айгуль Кадырбековна – к.и.н., руководитель отдела по изучению истории Казахстана Национального центрального музея Республики Казахстан, e-mail: aigulkyst@mail.ru

Шукыжанова Айым Нуртасовна - PhD, ассоциированный профессор, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан, e-mail: aiym.shukizhanova@gmail.com

***Information about the authors:***

Kistaubayeva Aigul Kadirbekovna – candidate of historical sciences, Head of the Department for the Study of the History of Kazakhstan, National Central Museum of the Republic of Kazakhstan, e-mail: aigulkyst@mail.ru

Shukyshanova Aiym Nurtasovna - PhD, associate professor, The Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages Almaty, Kazakhstan, e-mail: aiym.shukizhanova@gmail.com